

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті әріптестер!

2023 жылдың 14 сәуірде Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультеті журналистика кафедрасы ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғасы, аса көрнекті ағартушы, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың 130 жылдығына арналған **«Сұлтанмахмұт Торайғыров - журналист, публицист, ғалым» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция** өткізеді. Конференция жұмысына қатысуға ЖОО оқытушылары, ғалымдар, магистранттар мен студенттер шақырылады.

Конференция форматы - аралас (офлайн/онлайн Zoom платформасында).

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша жоспарланған:

Секция I. С.Торайғыров шығармашылығындағы жаңашылдық, көзқарас, әлеуметтік мәселелер

Секция II. Журналист мамандығын дайындау- өзектілігі мен ерекшеліктері

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс.

Конференцияға қатысуға өтінімдер 2023 жылдың 13 сәуірге дейін электронды түрде m.mukasheva@asu.edu.kz поштасына қабылданады.

Пленарлық отырыстардағы баяндамаларға 7-10 минут, секциялық отырыстардағы баяндамаларға 5-7 минут беріледі.

Конференцияға қатысу үшін ұйымдастыру комитетінің мекен-жайына келесі материалдарды жіберу қажет:

1. Үлгі бойынша өтініш
2. Мақала

Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар: көлемі 10-12 бетке дейін, MS WORD редакторы *.doc, *.RTF, шрифт TimesNewRoman, кегль 14, шекаралары: жоғарғы – 2, төменгі – 2, сол – 3, оң – 1 см, жоларалық интервал – 1 (бір аралық). Интервал арқылы ортасында жартылай қалың қаріппен кіші әріптермен – мақала атауы, оң жақта автордың аты – жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы және ұйымның атауы, жақшада-қала, ел. Мақалада сілтемелер беттері көрсетілген төртбұрышты жақшалармен рәсімделеді (мысалы, [1, 17]). Сөйлемнің соңында сілтемеден кейін нүкте қойылады. Кестелер MS WORD редакторында теріледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мақаланың соңында көрсетіледі (нөмірлеу нүктесіз). Файлдың атауы бірінші автордың аты-жөнімен сәйкес келуі керек.

Ғылыми деректердің мазмұны мен сенімділігіне және материалдардың рәсімделуіне баяндама авторы жауапты.

Конференцияға қатысу – **тегін**.

Мақалаларды қабылдау мерзімі: 2023 жылдың 13 сәуірге дейін.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Студенттер даңғылы, 1. Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті.

Байланыс телефондары: +7 (701) 710 63 76 Мұқашева Маншүк Тынышқалиқызы

Өтетін орны: Атырау қ., Студенттер к-сі, 1, 2 қабат, ҒКЗ. Басталуы: сағат 14.00-де. (Атырау уақыты)

Zoom конференцияға қосылу:

<https://us06web.zoom.us/j/81109777354?pwd=VUF5Ny9kbGZUTW11WTZMYVZkZDhPZz09>

Конференция идентификаторы: 811 0977 7354

Кіру коды: 9456

Өтініш үлгісі:

Аты-жөні (толық) _____

Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы: _____

Қызмет орны, лауазымы: _____

Автордың мекен-жайы: _____

Байланыс телефоны, факс, e-mail: _____

Конференция бағыты _____

Мақаланың тақырыбы, қысқаша аннотациясы: _____

Ұйымдастыру комитетіне көрсетілген мерзімнен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

Құрметпен, ұйымдастыру алқасы